

Тайтөбе жалпы орта білім беретін мектебі

***Әлеуметтік педагогтің жылдық
есебі***

Дайындаған: Жұмабаева А.А.

Хайролда А.

2023-2024 оқу жылы



2023 жылдың 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы «Балаларға жақсылық сыйла!» ұранымен өткізілді. Акция шеңберінде көп балалы және аз қамтылған отбасыларының балаларына мектепке бару үшін мектеп формасы және мектепке қажетті оқу құралдары түрінде көмек көрсетілді.

2023-2024 Оқу жылына жалпыға бірдей білім беру қорынан жылына бір рет берілетін көпбалалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға киім-кешек оқу құралдары түрінде көрсетілетін көмек түрінде өтініштер қабылданды, өтініш беруші ата-ана әлеуметтік мәртебесін растайтын тиісті құжаттары тапсырылғаннан кейін мектептің 81 оқушысына, яғни 29 отбасыға әлеуметтік көмек көрсетілді.



2023 жылдың 04 қыркүйек күнінде әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. Жұмыс жоспарына сәйкес мектепке келген оқушыларға әлеуметтік диагностика жасалынды. Әр сынып жетекшіден сыныптың әлеуметтік төлқұжаты тапсырылды.

Отбасы саны – 335

Көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар саны-367

Аз қамтылған отбасы саны- 81

Өгей әкесімен (анасымен) тұратын оқушылар -үшеу:

Абдикаримов Ақылжан, Каукен Тамерлан, Сейтбалат Айзере.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну мелекеттік қызметті көрсету қағидалары берілген, яғни жалпы өтініш беруші көрсетілетін қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тапсырды.

Биыл, яғни 2023-2024 оқу жылында ел бойынша 1-4 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылады. Мектеп асханасы 1 қыркүйектен жұмысын бастап кетті, жалға алушылар «ИП Сағтибаева М».

1-4 сынып оқушыларынан 313 оқушы тегін тамақпен қамтылған, сонымен қатар әлеуметтік мәртебесі төмен 5-11 сынып оқушылары арасында 24 оқушы құжат тапсыру бойынша тегін тамаққа ілікті. Асхананы жалға алушылар есебінен 5-11 сынып оқушыларының 10 оқушысы тегін тамақтанды.

**АСХАНА ЖҰМЫСЫН ТЕКСЕРУ ТАМАҚТАНУ САПАСЫНА
МОНИТОРИНГ ЖҰРГІЗУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ
ҚҰРЫЛЫП, АЙ САЙЫН ТЕКСЕРІС ӨТІЛІП, ҚАЗЕТТІ АКТ
ТОЛТЫРЫЛДЫ.**





Білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылу жағдайы.

Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 4-қазан күні Степногорск қаласы №2 ауданаралық психологиялық медициналық педагогикалық кеңесі сынып жетекшілер беретін тізімі бойынша оқушыларды тексерістен өткізді. Жалпы 27 оқушы.

ПМПК баланың проблемасын ведомствоаралық деңгейде шешеді, бұл ретте әртүрлі ведомство; білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау мамандарының күшін біріктіреді. Консультация клиенттеріміз 3 санатына қызмет етеді: ПМПК қорытындысы негізінде оқушылар тізімі анықталып, сол тізім бойынша жеке жеке жұмыс жоспары құрылып, мектепшілік бұйрық шығарылды. Сол бұйрыққа сәйкес әр оқушыға оқу бағдарламасы таңдалып, сабақ кестесі жасалынды.

ҮЙДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЙІНДЕ ТҰРМЫСТЫҚ ҮЙ ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША АКТ ТОЛТЫРУ



Облыстық әкім шыршасына 2 оқушы және Қосшы қаласы әкімінің шыршасына 25 оқушы қатысты. Барлық оқушыларымызға әкім атынан сыйлықтар берілді.



"Қазақстан халқына" қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында "Қайырымдылық" күніне орай, балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында "QH Жаздық жолдама-2024" қайырымдылық жобасы бойынша Тайтөбе ЖОББ мектебінің 8- оқушысына жолдама берді.



Щучинск қаласындағы «Балдаурен» Республикалық оқу сауықтыру орталығына дем алуға 2 оқушы кетті, сонымен қатар Қапшағай қаласының Балдаурен лагеріне 1 оқушы жіберілді.



Данабек Шұғыла 3-сынып оқушысы 28.02-20.03 аралығында «Бөбек ұлттық ғылыми -практикалық білім беру және сауықтыру орталығына барып келді.»



"ДОСБОЛЛИКЕ: Достық қолын ұсын" Акциясы төңірегінде Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеден түскен қаржы қоры "Нұрлы жүрек" балалар үйіне және "Шарапат" әлеуметтік қызмет көрсету орталығы МКҚК қарттар үйіне сыйлықтар мен ән-шашулар тарту етілді. "Шарапат" әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қызмет алушылары мектеп ұжымына Алғыс хат табыстады.



2023-2024 оқу жылының 4 тоқсанында «Жұлдыз» санаториялық типтегі облыстық орта мектеп интернатына 3 оқушы барды

